

2008 жылы Көкшетау қаласында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы N А-1/19 қаулысы. Ақмола облысы Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 21 қаңтарда N 1-1-73 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 8 қаңтардағы № А-1/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 8 қаңтардағы № А-1/6 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7, 20 баптары, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының шараларын жүзеге асыру туралы қаулысына сәйкес, сонымен қатар жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыспен қамту мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкшетау қаласының кәсіпорындарына қажеттіліктеріне сәйкес жұмыссыздар үшін ұйымдастырылған қоғамдық жұмыстың көлемі мен түрлері, ұйымдардың ұсынылған тізбесі бекітілсін.

2. Бекітілген қоғамдық жұмыстарды тәртіп бойынша өткізу үшін қалалық мемлекеттік мекемелерге, кәсіпорындарға "Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен қажет шарттар жасау ұсынылсын, сонымен қатар еңбек түрі, мерзімі, жағдайы көрсетілген еңбек шартына сәйкес жұмыссыздардың жұмысқа қабылдануларын ж ү з е г е а с ы р с ы н .

Ескерту. Өзгерту енгізілді - Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 5 наурыздағы N А-3/418 қаулысымен.

3. Қалалық мемлекеттік мекемелерге және кәсіпорындарына қоғамдық жұмыстарға орналасқан кейбір азаматтарға (әйелдер, 18 жасқа дейінгі жастар, мүгедектер) жұмыс істеген уақыты мен көлеміне толық ақы төлей отырып, жұмыс уақытын ұйымдастырудың өзге де икемді түрлерін қарастыру ұсынылсын .

4. "Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленген тапсырма талабы мен осы мақсатқа бөлінген қаржының шегінде ұйымдардың өтініштеріне сәйкес жұмыссыз азаматтарды өтінімдер бойынша ақылы қоғамдық жұмыстарға уақытша орналастыру үшін жолдама берсін.

5. "Көкшетау қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі 2008 жылы қоғамдық жұмыстарды өткізу шараларына бюджет қаражатында осы мақсаттарға сәйкес қарастырылған жалпы сомасы 28258000 (жиырма сегіз миллион екі жүз елу сегіз мың) теңгемен қаржыландыруды жүзеге асырсын.

6. 2007 жылғы 15 ақпанда N 7 "Көкшетау" және 2007 жылғы 15 ақпандағы N 7 "Степной маяк" газеттерінде жарияланған, Көкшетау қаласының әділет басқармасында N 1-1-55 болып тіркелген 2007 жылғы 25 қаңтардағы N А-1/79 "2007 жылы Көкшетау қаласында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулының күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы Көкшетау қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарына таратылады.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.З.Жұпыновқа жүктелсін.

9. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Ескерту. 9 тармақпен толықтырылды - Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 5 наурыздағы N А-3/418 қаулысымен; Өзгертулер енгізілді - Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 шілдедегі N А-7/1075

Қала әкімі

Қ о с ы м ш а

2008 жылғы 11 қаңтардағы

№N А-1/19 Көкшетау қаласы

әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

Ескерту. Өзгертулер енгізілді - Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 14 ақпандағы N А-2/289 қаулысымен; Өзгертулер енгізілді - Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 шілдедегі N А-7/1075

Көкшетау қаласының жұмыссыздары үшін ұйымдастырылған қоғамдық жұмыстардың көлемі, түрі және ұйымдардың тізбесі

N р/с	Ұйымдар	Жұмыстың түрлері және көлемі	Адам- дар саны	Б і р адамға айлық жалақы көлемі	Қаржы- лан- дыру көзі
1.			50	12025	

	Көкшетау қаласының әкімдігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Авариялық-жөндеу қызметі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Көкшетау қаласының әкімдігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тазалық" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Көкшетау қаласының әкімдігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қызыл Жар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Көкшетау қаласының әкімдігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көкшетау Су Арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Ықшам аудандарды ағымдағы ұстау : гүлзарларды, скверлерді орталық көшелерді, ықшам аудандарды күн сайын санитарлық тазалау, жиектастарды ақтау және тазалау, гүлзарларды қию, көшелердің бұрылыстарын қармен мұздақтардан тазалау, ағаштарды қию, қоқыстарды жинау, өндірістік жайды жинау	80 16 40	12025 12025	Қалалық бюджет Қалалық бюджет Қалалық бюджет
2.	"Көкшетау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Көкшетау қаласының Красный Яр селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Көкшетау қаласының Станционный поселкесі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды электрондық форматқа өңдеу Шаруашылық бойынша есепке алу және тіркеу, әлеуметтік карталарды толтыру, құжаттарды өңдеу, санитарлық тазалау	1 4 14 16	1 2 0 2 5 12025 12025	Қалалық бюджет Қалалық бюджет Қалалық бюджет
3.	Көкшетау қаласының ішкі істер басқармасы Көкшетау қаласының ішкі істер бас-	"Консьержи"» пилоттық бағдарламасы электронды нысандағы	2 5 16	1 2 0 2 5 12025	

	кармасының көші- кон полиция бөлімі	құжаттарды өңдеу, кіріс және шығыс құжаттарды енгізу және тіркеу			Қалалық бюджет
4.	Көкшетау қаласы- ның әділет бас- кармасы Көкшетау қаласының проку- ратурасы" Көкше- тау қаласының жер қатынастары бөлімі" мемле- кеттік мекемесі "Көкшетау қала- сының сәулет және қала құры- лысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Көкшетау қала- сының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлі- гі және автомо- биль жолдары бөлімі"»мемле- кеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеуге көмек жасау және тәр- тіпке келтіру, сұраныс хаттар- ды басу, құжат- тарды тіркеу және тігу	1 4 8 7 14 14	1 2 0 2 5 12025 12025 12025 12025	Қалалық бюджет
5.	"Көкшетау қала- сының білім бөлімі" мемле- кеттік мекемесі "Көкшетау қала- сының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Көкшетау қаласының мемлекеттік мұрағаты"» мемлекеттік мекемесі	Объектілерді жөндеу жұмысы: сылақ жұмыста- ры, сырлау, жайларды құры - лыс қоқыстары- нан тазалау және құжаттар- ды өңдеуге, кітапхана қорын қалпына келті- руге көмек ж а с а у Азаматтардың сұрау х а т т а р ы бойынша мұрағат анықтамаларын о р ы н д а у : мұрағат қойма- ларынан құжат- тарды тиеу және түсіріп тасу, мұрағат анықта- маларын әзірлеу	80 10 12	12025 12025 12025	Қалалық бюджет
6.	Көкшетау қаласының ауруханалары	Аумақтарды жинау және аббаттандыру	20	12025	Қалалық бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК